«Жол de luxe» ЖШС
ЖСН 080840000895
Жамбыл облысы, Тараз қ. Микрорайон "Астана" 4 35

Жамбыл облысы әкімдігінің Жуалы ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі (бұдан әрі – Бөлім) Сіздің 2025 жылғы 7 қазандағы №269853 шағымыңызды № 15431699-1 конкурс және № 76848679-ОК3 лот бойынша қарап, төмендегіні хабарлайды.

2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілер мен (немесе) олар тартатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) келесі біліктілік талаптары қойылады: шарт бойынша міндеттемелерді орындауға жеткілікті материалдық, еңбек және қаржылық ресурстардың болуы, сондай-ақ қызметкерлер алдында еңбекақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы.

2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 76-тармағының 6-параграфына сәйкес, егер конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың бар болуына қойылатын талап көзделсе, онда осындай талапқа сәйкестігі материалдық ресурстарға меншік құқығын немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен дәлелденеді.

Қағидалардың 206-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды), егер ол және (немесе) тартылған қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) Заңда және осы Қағидаларда көзделген негіздер бойынша конкурстық құжаттамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмесе.

Сондай-ақ, Қағидалардың 212-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды), егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы төмендегі негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмесе: шарт бойынша міндеттемелерді орындауға жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі; қосымшалар 9, 10, 11 және 12-де көзделген біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбауы немесе толық емес мәліметтерді ұсынуы.

Қағидалардың 244-тармағына сәйкес, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын жұмыстар нарығындағы тәжірибесі болған әрбір жыл үшін бір пайыз (1%) шартты жеңілдік белгілейді (Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес).

Қағидалардың 590-тармағына сәйкес, шағым мәлімделген талаптардың (дәйектердің) шегінде қаралады.

Конкурстық құжаттаманы зерделеу барысында Қағидаларға 7-қосымшада (Құрылыс-монтаж жұмыстарына жатпайтын жұмыстарды

мемлекеттік сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары) әлеуетті өнім берушінің материалдық және еңбек ресурстарының болуы жөнінде талап қойылғаны анықталды.

Сіздің шағымыңыз негізінде, әлеуетті өнім берушілер «Мерей Строй Инвест» ЖШС және «KATSA» ЖШС-ң конкурстық өтінімдерінде ұсынылған «Автогрейдер» материалдық ресурстары – конкурс талаптарына сай екендігі анықталды.

Алайда, «Мерей Строй Инвест» ЖШС шағымы негізінде «Жол de luxe» ЖШС және «KATSA» ЖШС әлеуетті өнім берушілерінің конкурстық өтінімдері конкурстық құжаттамада көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіні анықталды.

Осыған орай, қорытынды хаттаманы қайта қарау жолымен конкурстың нәтижелері қайта жарияланады.

Руководитель отдела **Н. Саурбаев**